

4. Воронова, Л.В. Сказки как элемент культурного наследия в образовательном процессе // Педагогика и культура. – 2020. – Т. 8, №4. – С. 78-85.
5. Петров, И.А. Использование мобильных технологий в обучении: возможности и перспективы // Журнал инновационных образовательных технологий. – 2022. – Т. 5, №1. – С. 23-29.
6. Жирмунский, В.М. О языке сказки. – Л.: Наука, 1972. – 256 с.
7. Караулов, Ю.Н. Язык и стиль сказки. – М.: Изд-во МГУ, 2004. – 198 с.

ӘОЖ: 371.38

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ ТУРАЛЫ БІЛІМДЕРІН ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Дәут М.Т., Бейсенбаева А.М.**

**Академик Е.А.Бөкетов атындғы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан**

«Баланың ынтасын тарту үшін оқытылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек» – деп, Ж.Аймауытов айтқандай сабақта оқушылардың таным белсенділігін арттыру үшін проблемалық ситуациялар туғызып, проблемалық міндеттер мен тапсырмаларды орындауға басшылық ету керек.

Сабақ біртұтас құбылыс бола тұрып, бірнеше, түрлі дидактикалық мақсаттардың орындалуын талап етеді. Мұғалім алдымен оқушыларды сабаққа дайындау, одан кейін өткен материалды еске түсіру, жаңа материалды түсіндіру, оны бекіту, үй тапсырмасын беру сияқты мақсаттарды көздейді. Бүгінгі таңда жаңартылған білім мазмұны оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, тәжірибе арқылы білім алуға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, практикалық жұмыстарды сабақта тиімді пайдалану – бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың, функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолы болып табылады.

Бастауыш білім беру – оқушының жан-жақты дамуының негізгі кезеңі. Бұл кезеңде білім алушы тек сауат ашып қана қоймай, қоршаған ортамен танысып, оның заңдылықтарын түсіне бастайды. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың теориялық білімін өмірмен байланыстыру, практикалық әрекеттер арқылы меңгерту аса өзекті болып отыр [1].

Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының қоршаған орта туралы танымын дамыту – маңызды міндеттердің бірі. Бастауыш сынып – баланың дүниетанымы, ойлау қабілеті, ғылыми көзқарасы қалыптасатын кезең. Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру маңызды орын алады. Білім алушылардың қоршаған ортаны тануы – олардың болашақтағы экологиялық мәдениеті мен өмірлік құндылықтарының негізі. Бұл үдерісті тиімді ұйымдастыру үшін теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру қажет. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың табиғатқа деген көзқарасы, қызығушылығы мен қатынасы – олардың болашақ тұлғалық қалыптасуының негізін қалайды. Осы тұрғыдан алғанда, қоршаған әлем туралы білімдерді практикалық жұмыстар арқылы қалыптастыру – тек білім берудің тәсілі емес, сонымен қатар тәрбиелеудің, құндылық қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Практикалық жұмыстар оқушылардың қызығушылығын арттырып, білімді терең меңгеруіне жол ашады. Осы тұрғыда, бастауыш сынып оқушыларының қоршаған әлемге деген танымдық қызығушылығын арттыру және оларды экологиялық мәдениетке баулу үшін практикалық жұмыстардың маңызы зор. Практика – баланың табиғатты сезіну, байқау және бағалау қабілетін дамытатын қуатты құрал.

Қоршаған әлем пәні – оқушының алғашқы ғылыми дүниетанымын қалыптастыратын пәндердің бірі. Бұл пәнде білім алушылар табиғи құбылыстарды, тірі және өлі табиғаттың ерекшеліктерін, экологиялық байланыстарды таниды. Зерттеулерге сүйенсек, бастауыш жастағы оқушылардың танымдық қабілеттері практикалық әрекет барысында айтарлықтай белсенді дамиды [2].

Педагогикада Д. Бруннердің, Л. Выготскийдің, Ж. Пиаже теориялары оқытудың іс-әрекеттік және дамытушы сипатын дәлелдейді. Осы ғылыми негіздерге сүйене отырып, бастауышта оқушылардың білімдерін практикалық жұмыстар арқылы бекіту – білімді өмірлік тәжірибемен ұштастырудың тиімді жолы.

Осы кезеңде қоршаған әлем туралы білім берудің тиімді жолы – практикалық жұмыстар ұйымдастыру арқылы оқытуды жүзеге асыру. Практикалық жұмыстар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, табиғат құбылыстарын бақылауға, оларды саралап, қорытынды жасауға үйретеді. Практикалық жұмыстар арқылы білім беру – оқушылардың белсенділігін арттырып, алған білімдерін нақты тәжірибе арқылы бекітуге мүмкіндік береді.

Практикалық жұмыстың маңызы. Бастауыш мектепте қоршаған әлем пәні арқылы оқушылар табиғат құбылыстары, тірі және өлі табиғат, адам мен табиғат арасындағы байланыс туралы алғашқы ғылыми түсініктерді меңгереді. Осы білімдерді практикалық жұмыс арқылы бекіту – білім сапасын арттырудың тиімді тәсілі. Практикалық жұмыстар оқушылардың:

- бақылау және талдау дағдыларын;
- логикалық ойлауын;
- ұжымдық жұмыс істеу қабілетін;
- қоршаған ортаға деген қызығушылығы мен жауапкершілігін қалыптастырады.

Практикалық жұмыстың түрлері мен әдістері

Практикалық жұмыс түрі	Мақсаты	Мысалы
Табиғатты бақылау	Қоршаған ортадағы өзгерістерді тану	Жапырақтың түсу мерзімін бақылау
Эксперименттік жұмыс	Табиғат заңдылықтарын тәжірибе арқылы түсіну	Өсімдіктің өсуі үшін жарықтың әсері
Экологиялық серуен	Табиғатты қорғау дағдыларын қалыптастыру	Қоқыс жинау, ағаш отырғызу
Танымдық ойындар	Қызығушылық пен белсенділік арттыру	«Кім тез табады?», «Не қайда өседі?»
Мини-зерттеу жобалары	Өз бетінше білім алуға баулу	«Біздің мектеп ауласындағы құстар» жобасы

Табиғатты бақылау жұмыстарында оқушылар мектеп ауласындағы өсімдіктер мен жануарларды бақылап, олардың ерекшеліктері туралы күнделік жазады. Бұл – табиғатпен тікелей байланыс орнатудың қарапайым әрі тиімді жолы. Тәжірибе жасау кезінде оқушылар өсімдіктің өсуіне су мен жарықтың әсерін анықтау тәжірибесі арқылы оқушылар табиғи заңдылықтарды өз бетінше ұғынады. Экологиялық жорықтар, табиғатқа серуен ұйымдастыру, қалдықтарды жинау немесе ағаш отырғызу сияқты әрекеттер – білім алушыларды табиғатты сүйеге баулиды. Ал «Табиғат – біздің досымыз», «Қай жануар қайда тіршілік етеді?» сияқты ойындар балалардың ой-санасын дамытады әрі танымдық белсенділігін арттырады. Зерттеу жобалары оқушыларға қоршаған әлем туралы өз бетінше білім алуға баулиды.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтары мен бейімділігін дамытуда табиғатқа серуендер, экспедициялар мен жорықтар үлкен маңызға ие. Бұл іс-шаралар көбінесе өлкетану сипатында болады және балаларды жергілікті су қоймаларының ерекшеліктерімен, пайдалы қазбаларды өндіру орындарымен, өсімдіктер мен жануарлардың жойылып бара жатқан түрлерімен таныстыру мақсатында ұйымдастырылады. Сапар кезінде оқушылар жергілікті жерде бағдарланып, жоспары мен картаны пайдалана білу білімдерін бекітеді. Бақылау мен әсер жорық күнделіктеріне жазылады.

Экологиялық соқпақ бойынша экскурсиялар жаппай жұмыстың қы-зықты түрі болып табылады. Онда оқушылар бағдарламалық материалдарды білуді бекітеді, адам мен табиғаттың өзара іс-қимыл нәтижелерін бағалау тәжірибесін, табиғатта экологиялық сауатты мінез-құлық дағдыларын меңгереді.

Соңғы онжылдықта оқыту құралдары ерекше маңызға ие. Бұл-әр түрлі интерактивті оқыту бағдарламалары, дәстүрлі емес оқулықтар, хрестоматиялар оқулықтары, сұрақ-оқулықтар мен жұмыс дәптерлері.

Жұмыс дәптерлері-бұл оқу әдебиетінің белгілі жанрларынан жасалған салыстырмалы жаңа және ең мобильді жанр, инновациялық көп функционалды дидактикалық құбылыс. Жұмыс дәптері-оқушыға оқу пәнін меңгеруге көмектесетін арнайы дидактикалық аппараты бар оқу құралы. Дидактикалық құралдар арсеналына жұмыс дәптерлерін енгізу оқытушыға оқу үдерісін оңтайландыруға нақты мүмкіндік береді.

Жұмыс дәптерімен жұмыс істеу технологиясы білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды өзгертуді көздейді.

Өзінің мазмұны, құрылысы, конструкциялануы, тапсырмалары мен сұрақтары, көздері «тең авторлыққа» және «шығармашылық» бағытталған.

Жұмыс дәптерлеріне арналған тапсырмалар түрлері:

- Салыстырмалы сипаттамасы
- Иллюстрациялармен тапсырмалар
- Бір және бірнеше дұрыс жауаптардан бар тапсырмалардан дұрыс жауапты таңдау.
- Тірек сөздерінен мәтін құрастыру тапсырмалары
- Қосымша тапсырмалар, жіберілген сөздерді, терминдерді қою
- Ашық жауап формасымен тапсырмалар
- Жауапты жалғастыру тапсырмалары
- Оқиғалар, құбылыстар кезектілігін анықтауға тапсырма [3].

Практикалық жұмыстардың көмегімен оқушылар нақты табиғат құбылыстарын бақылап, сезініп, оларды өз тәжірибесімен байланыстырады. Бақылау, салыстыру, тәжірибе жасау, табиғаттағы өзгерістерді күнделікке түсіру, шағын зерттеулер жүргізу сияқты әрекеттер – баланың зерттеушілік қабілетін, экологиялық мәдениетін, адамгершілік жауапкершілігін дамытады. Бұл балалардың қоршаған ортаға деген эмпатиясын, жанашырлығын және саналы қарым-қатынасын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Сонымен қатар, практикалық бағыттағы тапсырмалар мен жобалар оқушылардың көпқырлы дағдыларын дамытады: тілдік қорын байытады (әңгімелеу, сипаттау), логикалық ойлауын жетілдіреді (талдау, қорытынды жасау), шығармашылық белсенділігін арттырады (ертегі жазу, сурет салу, модель жасау). Яғни, мұндай жұмыстар пәнаралық байланысты жүзеге асырып, оқытудың сапасын арттыруға ықпал етеді. Практикалық жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының қоршаған әлем туралы білімдерін терең әрі берік меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тек танымдық емес, сонымен қатар тәрбиелік мақсатты да жүзеге асырады. Табиғатты сүйін, оған ұқыпты қарауға тәрбиелеу бала бойында ерте жастан қалыптасуы тиіс. Осы бағытта мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуі, оқытудың белсенді әдістерін қолдануы – сапалы білім берудің кепілі.

Мұғалім практикалық жұмыстарды ұйымдастырушы, бағыттаушы және шабыттандырушы тұлға болуы тиіс. Ол әр оқушының қызығушылығы мен қабілетіне қарай жеке тәсіл қолдануы қажет. Сонымен қатар, мұғалім балалардың қауіпсіздігін сақтауды да басты назарда ұстауы керек.

Бастауыш сынып оқушыларының қоршаған орта туралы білімдерін практикалық жұмыстар арқылы қалыптастыру – олардың болашақ өмірге деген көзқарасын, табиғатқа деген сүйіспеншілігін және белсенді азаматтық ұстанымын дамытуға ықпал етеді. Практикамен бекітілген білім әрқашан есте ұзақ сақталады және шынайы өмірде қолдануға жеңіл болады. Сондықтан да бастауыш сыныпта теория мен тәжірибенің үйлесімі аса маңызды.

Осылайша, бастауыш сынып оқушыларына арналған практикалық жұмыс түрлері қоршаған әлем туралы білімді терең әрі берік қалыптастырып қана қоймай, баланың тұлғалық дамуына, оның табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасайды. Бұл – болашақта экологиялық сауатты, саналы азамат тәрбиелеудің алғышарты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жоламанова, Г. Бастауыш мектепте экологиялық тәрбиенің негіздері. Алматы: Рауан- 2020. – 156 б..
2. Сарсенбаева Д. Қоршаған орта туралы білімді қалыптастыруда практикалық жұмыстардың рөлі. Білім беру кеңістігіндегі зерттеулер, - №2(15). - Б. 45-50.
3. Қоршаған әлемді оқыту әдістемесі: оқу-әдістемелік құралы/ Алипбаева Г. А., Нурова А. К. – Қостанай: ҚМПУ баспасы, 2019. – 135 бет.

ӘОЖ:373.31

**Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу мақсаттарын жүзеге асыру**

**Досова Л.А.<sup>1</sup>, Куанышбекова Г.Е.<sup>2</sup>, Сабенова Ж.А.<sup>3</sup>**

<sup>1,3</sup>Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
<sup>2</sup>№5 қосымша білім беру мектеп-орталығы, Қарағанды, Қазақстан

Мақсатты тұжырымдау және мақсаты қоя алу педагогика ғылымы мен практикасының іргелі мәселелерінің бірі болып табылады. Мақсатты тұжырымдау дегеніміз – балалар мен ересектерді